

**"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 14 ақпан N 217

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтыру е н г і з і л с і н :

1. "Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" 1991 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1991 ж., N 26, 345-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 9-10, 158-құжат; N 15, 208-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; N 17-18, 219-құжат; 1998 ж., N 24, 432-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; 2001 ж., N 1, 4-құжат; N 13-14, 173-құжат):

1) 22-баптың төртінші абзацындағы "медициналық-әлеуметтік сараптау комиссиялары" деген сөздер "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 29-баптың екінші абзацындағы "медициналық-әлеуметтік сараптау" деген сөздер "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 46-баптың бірінші абзацындағы "медициналық-әлеуметтік сараптау (дәрігерлік-еңбек сараптау комиссиялары)" деген сөздер "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық органы" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 1993 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Z939000 0 Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 2, 28-құжат; 1995 ж., N 8, 56-құжат, N 22, 135

-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184-құжат; 2001 ж., N 8, 56-құжат; 2001 жылғы 15 маусымда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 13 маусымда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2001 жылғы 11 маусымдағы Қазақстан Республикасының Z010207\_ Заңы; 2001 ж., N 17-18, 245-құжат):

28-баптың 5-тармағындағы "Дәрігерлік-еңбек сараптама комиссиялары" деген сөздер "Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық органдары" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Z970094\_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 8, 84-құжат; 1999 ж., N 13, 431-құжат; N 23, 921-құжат; 2001 ж., N 15 - 16 , 228 - құжат ) :

1) 118-баптың 1-тармағының 7) тармақшасындағы "медициналық-әлеуметтік сараптау комиссиясы (МӘСК)" деген сөздер "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 120-баптың 4) тармақшасындағы "медициналық-әлеуметтік сараптау комиссиясы (МӘСК)" деген сөздер "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық органы" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" 1997 жылғы 19 мамырдағы Қазақстан Республикасының Z970111\_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 10, 109-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 24, 434-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 23, 927-құжат):

1) 39-баптың он бірінші абзацындағы "медициналық-әлеуметтік сараптау комиссиялары" деген сөздер алынып тасталсын;

2 ) 71 - б а п т а :

1-тармақтағы "медициналық-әлеуметтік сараптау комиссиялары (МӘСК)" деген сөздер "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "медициналық-әлеуметтік сараптау комиссиясы" деген сөздер " халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық органы " деген сөздермен ауыстырылсын.

5. "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" 1997 жылғы 16 маусымдағы Қазақстан Республикасының Z970126\_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 154-құжат; 1999 ж., N 8, 239-құжат; N 23, 925-құжат):

1) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Мүгедектік топтары

Тіршілік ету әрекетінің шектелуі және еңбек ету қабілетін жоғалту дәрежесіне қарай мүгедектік үш топқа бөлінеді.

Мүгедектіктің себептерін, топтарын, еңбек ету қабілетін жоғалту дәрежесін, сондай-ақ мүгедектікке душар болған уақытты халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық органы белгілейді.

Мүгедектікті куәландыру, оның себептерін, топтарын және еңбек ету қабілетін жоғалту дәрежесін белгілеу тәртібін халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган азаматтардың денсаулығын қорғау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орталық атқарушы органмен келісіп белгілейді.";

## 2 ) 1 0 - б а п т а :

1-тармақтағы "МӘСК" деген сөз "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

## 3 - т а р м а қ т а :

бірінші бөліктегі "МӘСК-ке" деген сөздер "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық органына" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "МӘСК" деген сөз "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық органы" деген сөздермен ауыстырылсын";

## 3 ) 1 1 - б а п т а :

1) тармақшада ", бала кезінен, оның ішінде" деген сөздер алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) бала кезінен мүгедектер";

4) 12-бап мынадай мазмұнда жазылсын:

"12-бап. Мүгедектігі бойынша жәрдемақының мөлшері

1. Осы Заңның 11-бабының 1), 1-1) және 3) тармақшаларында көрсетілген мүгедектерге мүгедектігі бойынша айлық жәрдемақы мынадай мөлшерде тағайындалады :

I топтағы мүгедектерге - заң актілерінде белгіленген 7 айлық есептік көрсеткіш ( бұдан әрі - айлық есептік көрсеткіш);

II топтағы мүгедектерге - 4,5 айлық есептік көрсеткіш;

III топтағы мүгедектерге - 3 айлық есептік көрсеткіш;

16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға - 4 айлық есептік көрсеткіш;

бала кезінен I топтағы мүгедектерге - 7 айлық есептік көрсеткіш;

бала кезінен II топтағы мүгедектерге - 5 айлық есептік көрсеткіш;

бала кезінен III топтағы мүгедектерге - 4 айлық есептік көрсеткіш.

2. Осы Заңның 11-бабының 2) және 5) тармақшаларында көрсетілген мүгедектерге мүгедектігі бойынша айлық жәрдемақы мынадай мөлшерде тағайындалады:

I топтағы мүгедектерге - 9 айлық есептік көрсеткіш;

II топтағы мүгедектерге - 6,5 айлық есептік көрсеткіш;

III топтағы мүгедектерге - 5 айлық есептік көрсеткіш.

3. Осы Заңның 11-бабының 4) тармақшасында көрсетілген мүгедектерге мүгедектігі бойынша айлық жәрдемақы мынадай мөлшерде тағайындалады:

I топтағы мүгедектерге - 16 айлық есептік көрсеткіш;

II топтағы мүгедектерге - 10,5 айлық есептік көрсеткіш;

III топтағы мүгедектерге - 7 айлық есептік көрсеткіш.

4. Жұмыс істейтін жәрдемақы алушыларға мүгедектігі бойынша жәрдемақы толық мөлшерінде төленеді.

5. Егер Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан және жинақтаушы зейнетақы қорларынан берілетін зейнетақы төлемдерінің Жиынтықты мөлшері мүгедектердің тиісті санаттары үшін белгіленген мүгедектігі бойынша айлық жәрдемақы мөлшерінен кем болса, жәрдемақы төлеу мүгедектердің осы санаттары үшін белгіленген жәрдемақы мөлшеріне дейін зейнетақы төлемдеріне тиісті қосымша төлем ретінде жүргізіледі."

6. "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" 1999 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Z990365\_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 8, 238-құжат; N 23, 925-құжат; 2000 ж., N 23, 411-құжат; 2001 ж., N 2, 14-құжат):

6 - б а п т ы ң            4 - т а р м а ғ ы н д а :

бірінші абзацтағы "медициналық-әлеуметтік сараптама (бұдан әрі - МӘСК) мәселелері жөніндегі уәкілетті органға" деген сөздер "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық органына" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы "МӘСК" деген сөз "халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық органы" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті